



«Батыр» балабақшасының ЖАРҒЫСЫ

Ұйымдық құқықтық нысаны:	- жекеменшік мекеме
Меншік түрі:	- жекеменшік
Құрылтайшысы:	- ЖШС «Батыр Қараш»
Орналасқан жері:	- Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы, 130600, Мұнайлы ауданы Батыр ауылы Тамшалы 10/1

**Мұнайлы ауданы
2025 жыл**

1. Жалпы ережелер

1.1. «Батыр» балабақшасы (бұдан әрі – мектепке дейінгі білім беру ұйымы МДТББҰ) заңды тұлғаның мәртебесіне ие, оқу тәрбие қызметтерін жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым болып табылады.

1.2. ЖШС «Батыр Қараш» «Батыр» балабақшасы болып құрылған мекеменің құқықтық иегері болып табылады.

1.3. ЖШС «Батыр Қараш» Овезова Акиур Есеновна «Батыр» балабақшасы мектепке дейінгі білім беру ұйымының құрылтайшысы болып табылады.

1.4. Мектепке дейінгі ұйым «Білім туралы» Заңының 41-бабы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» өз жарғысын әзірлейді.

1.5. Толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Батыр» балабақшасы

орыс тілінде: детский сад «Батыр»

1.6. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы Батыр ауылы Тамшалы 10/1

2. Білім беру ұйымының мәртебесі

2.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымы өзі мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылған деп саналады және заңды тұлғаның құқығына ие болады.

2.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымы міндеттемелер бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді.

2.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымымен жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тіркелуге тиіс.

Шарттық міндеттемелер бойынша білім беру ұйымының жауапкершілігі заңнамаға сәйкес жекеменшік мекемені ұстауға бекітілген смета шегінде туындайды.

3. Білім беру ұйымының міндеттері мен қызметтері

3.1. Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттері:

- 1) Балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) Тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) Сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) Азаматтылықта, қазақстандық отаншылдықты, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;
- 5) Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;
- 6) Ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

3.2. МДТББ ұйымының қызметтеріне мыналар кіреді:

- 1) Білім бағдарламаларын игеруіне жағдайлар жасау;
- 2) Жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының бәрік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;
- 3) Азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны–Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез – келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріен қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

6) Білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

7) Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу.

4. Білім беру үдерісінің мақсаттары, іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларының тізбесі

4.1. Мектепке дейінгі ұйым өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясының, «Білім туралы» Заңды, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы №488 қаулысымен бекітілген Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын, мектепке дейінгі ұйымның Жарғысын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын» басшылыққа алады.

4.2. Білім беру ұйымы өз қызметінде тиісті мемлекеттік жылпыға міндетті білім Үлгілерінің негізінде жасалған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламаларын іске асырады.

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымына қабылдау және шығару тәртібі

5.1. *Балаларды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрықпен бекітілген «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.*

5.2. Тәрбиеленуші мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымына қабылдау кезінде оның ата – анасын немесе өзге де заңды өкілдерін білім беру ұйымының жарғысымен, қабылдау мен оқу-тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру тәртібін реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

5.3. Құрылтайшы осы өңірде тұратын және тиісті дәрежедегі білім мен тәрбие алуға құқығы бар үш жастан алты жасқа дейінгі балаларды құрылтайшы жолдамасы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру сатысына қабылдау тәртібін белгілейді.

5.4. Балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау, онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі.

5.5. Мектепке дейінгі ұйымда баланың орны мынадай:

1) Бала ауырып қалған;

2) Бала медициналық, санаториялық-курорттық және өзге де ұйымдарды емделген және сауықтырылған;

3) Ата – анасының немесе заңды өкілдерінің біреуіне еңбек демалысы берілген;

4) Бала жаз маусымында екі айға дейінгі мерзімде сауықтырылған жағдайларды сақталады.

5.6. Басшы баланы мектепке дейінгі ұйымдардан мынадай:

- 1) Баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстау үшін ай сайынғы төлемақы уақтылы төленбеген (төлемақыны белгіленген мерзімнен күнтізбелік 15 күннен астам кешіктіру);
- 2) Бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген;
- 3) Дәрігерлік бақылау комиссиясы анықтамасы негізінде баланың келуіне кедергі болатын денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындысы болған жағдайларда шығарады.

**6. Білім беру үдерісін ұйымдастыру (оның ішінде
оқыту және тәрбиелеу тілі, тәрбиеленушілердің күн режимі)**

6.1. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады, сондай – ақ мектепке дейінгі ұйымның жарғысымен айқындалады.

6.2. Тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагогикалық қызметкерлер болып табылады.

6.3. Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық қызметпен айналысуға білімі және біліктілігінің тиісті деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталған педагогикалық білімі бар (техникалық және кәсіптік , жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі) адамдар жіберіледі.

6.4. Педагогикалық қызметке соттың үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған, сондай –ақ өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы бар тұлғалар жіберілмейді.

6.5. Мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мектепалды топтары және білім беру ұйымдары мектепалды сыныптарының педогог қызметкерлеріне айлық еңбекақыны есептеу үшін аптасына нормативтік жүктемесі 24 сағаттан артық емес болып белгіленеді.

6.6. «Білім туралы» Заңның 30-бабының 2-тармағына сәйкес мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепте оқытуға мектепалды даярлық түрінде бес жастан бастап жүзеге асырылады.

6.7. Мектепалды даярлық міндетті және отбасында мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейредің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады.

6.8. Мектепке дейінгі ұйымдардың педогогтары тиімді-тәрбиелеу – білім беру процесін қамтамасыз ету мақсатында балама авторлық бағдарламаларды дербес таңдайды және қолданады. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтау шартымен тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізеді.

6.9. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымындағы оқу және тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру білім ұйымымен Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының үздіксіз білім беру және оқу бағдарламаларының сабақтастығы туралы ережелерінің негізде ұйымдастырылады.

6.10. Білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұны мемлекеттік жалпы міндетті білім үлгілерінің негізінде әзірленетін үлгілік оқу жоспарларымен бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

6.11. Білім беру ұйымы үлгілік жоспарлары мен бағдарламалардың негізінде жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді.

6.12. Оқыту және тәрбиелеу мен білім беру мемлекеттік тілде жүргізіледі. Орыс тілі оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес үйретіледі.

6.13. Оқу жылының ұзақтылығы 9 айды құрайды. Оқу жылы қыркүйек айында басталып, мамыр айында аяқталады.

6.14. Білім беру ұйымында келесідей оқу сабақтарының түрлері белгіленеді: сабақ, бақылау жұмысы, дербес жұмыс, сынақша, тесттер.

Оқу сағатының ұзақтығы 15-25 минутты құрайды. Оқу сағаттарының аралығындағы үзілістер 5-10 және 20 минутқа созылады.

Оқу процесі 5 күндік кестеде жүргізіледі.

6.15. Мектеп жасына дейінгі топтарды тәрбиеленуші санының толымдылығын 25 баладан аспауы қажет.

6.16. Білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің ата – аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқу және тәрбие үдерісінің барысымен және мазмұны мен, сондай – ақ білім алушылардың үлгерімімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді

7. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі

7.1. Мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі ұйым басшысы белгілеген тәртіппен білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтерден түскен каражат мамандарға сыйақы, құралдар сатып алуға, тиісті дамытушы орта құруға бағытталуы мүмкін.

7.2. Мектепке дейінгі ұйымның құрылтайшысы ай сайынғы ата – ана жарнасына өз еркінде тәрбиеленушілердің әр-түрлі отбасы жағдайларын ескере отырып жеңілдіктер қарастыруы мүмкін.

8. Білім беру ұйымы мен тәрбиеленушілердің, олардың ата – анасының және басқа да заңды өкілдерінің қарым қатынастарын реттеу және рәсімдеу.

8.1. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісінің, ата-аналары мен қызметкерлерінің қарым – қатынасы тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың ынтымақтастығы, өзара сыйластығы негізінде және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып құрылады.

8.2. Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым қатынастар балана мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режимі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі

8.3. Тәрбиеленушілердің:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен білім алуға;

2) Өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша ақылы білім беру қызметтерін алуға құқығы бар;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу – әдістемелік құралдар мен қамтамасыз етілуге;

4) Өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

5) Өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

6) Оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;

7) Спорт, оқу, акт залдарын, кітапхананы тегін пайдалануға құқығы бар

8.4. Тәрбиеленушілерді оқу үдерісінен алаңдатуға жол берілмейді.

8.5. Тәрбиеленушілер жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті.

8.6. Тәрбиеленушілер өздерінің денсаулығы үшін кам жеуге, рухани және тән саулығын жетілдіруге ұмтылуға педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

8.7. Тәрбиеленушілердің міндеттерін бұзғаны үшін оларға білім беру ұйымының ішкі тәртібінің ережелерімен және жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

8.8. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында оқу-тәрбиелеу үдерісі тәрбиеленушілердің денсаулығының жай-күйі ескеріле отырып жүргізіледі. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы тәрбиеленушілердің науқастануын болдырмау, денсаулығын нығайту, тән саулығын жетілдіру, салауатты өмір салтына ынталандыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.

8.9. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 14-тармағына сәйкес тәрбиеленушілер ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру ұйымының жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

8.10. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 14 тармағына сәйкес тәрбиеленушілер міндеттерін бұзғаны үшін оларға білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелерінің көздеген тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылады.

8.11. Білім беру ұйымында оқытудың, тәрбиелеудің, еңбек пен тынығудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік оның басшысына жүктеледі.

8.12. Тәрбиеленушілердің ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

- 1) Баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;
- 2) Ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымын басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) Білім беру ұйымынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- 4) Өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық педогогикалық консультациялық көмек алуға құқығы бар.

8.13. Тәрбиеленушілерді білім ұйымынан шығару:

- Басшы баланы мектепке дейінгі ұйымдардан мынадай:

- 1) Баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстау үшін ай сайынғы төлемақы уақтылы төленбеген (төлемақыны белгіленген мерзіменен күнтізбелік 15 күннен астам кешіктіру);
- 2) Бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген;
- 3) Дәрігерлік бақылау комиссиясы анықтамасының негізінде баланың келуіне кедергі болатын денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындысы болған жағдайларда шығарады.

8.14. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

- 1) Балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) Бес жастағы балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз етуге, алты жастан бастап жалпы білім беретін мектепке беруге;
- 3) Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге;

- 4) Балалардың оқу орындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуіне міндетті;
- 5) «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар балаларын өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуге қақылы, бірақ балаларды дінге баулу бойынша мәжбүрлеу шараларына жол берілмейді. Баланы діни тәрбиелеу оның тәндік, психикалық саулығына және имандылық рухында дамуына залал келтірмеуі тиіс.
- 6) Ата ана жарнасын уақтылы төлеуге және кешіктіріліп жатқан жағдайда әр қалған күніне балабақша құрылтайшысы бекіткен айыппұлды төлеуге міндетті.

9. Құрылтайшымен білім беру ұйымына бекітіп берілген меншік объектілерін пайдалану тәртібі

9.1. Құрылтайшымен білім беру ұйымына оралымды басқаруға берілген меншік тек қана осы жарғыда көрсетілген мақсаттар үшін пайдаланыла алады.

10. Білім беру ұйымының мүлкін қалыптастыру тәртібі

10.1. Білім беру ұйымының мүлкі, оқу үдерісін ұйымдастыру үшін оның теңгеріміне құрылтайшымен берілген ғимараттар, жабдықтар, және ақшалай қаражаттар есебінен қарастырылады.

10.2. Білім беру ұйымының құқықтары сонымен қатар өз еркімен қайырымдылық, демеушілік көмек ретінде түскен заттарға, ақшалай қаражаттарға да туындауы мүмкін.

11. Қаржыландыру көздері, білім беру ұйымының қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету

11.1. Білім беру ұйымын қаржыландыру Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін бір тәрбиеленушіге есептеп анықталған қаржыландыру нормативінің негізінде жергілікті бюджеттік қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

11.2. Білім беру ұйымының материалдық техникалық базасын құру және дамыту жергілікті бюджеттің және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де есебінен жүргізіледі.

11.3. Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалатын тәртіппен мүліктерге иелік ету және пайдалану құқығы бар.

12. Білім беру ұйымының құзыреті:

12.1. Білім беру ұйымының құзыретіне мынадай функциялар:

- 1) Жарғының жобасын әзірлеу;
- 2) Ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;
- 3) Жұмыстық оқу жоспарлары мен жұмыстық оқу бағдарламаларын, оқу үдерісінің күнтізбе кестелерін дайындау және бекіту.
- 4) Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияға сәйкес білім алушылардың контингентін қалыптастыру;
- 5) Оқу тәрбиелеу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді пайдалану және жетілдіру;
- 6) Өз қаржы қаражаттары шектерінде білім беру ұйымындағы қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдық айлықақылар (ставкалар), қосымша ақылар, үстеме ақылар және өзге де ынталандыратын төлемдер белгілеу;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;
- 8) Білім беру ұйымын материалдық техникалық қамтамасыз ету, жарақтандыру мен жабдықтау;

9) Жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;

10) Тәрбиеленушілерді тамақпен және медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ету;

11) Тәрбиеленушілердің күтімі мен олардың тұру жағдайларының белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету;

12) Қоғамдық өзін өзі басқару органдарының қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;

13) Қазақстан Республикасы Заңдарында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті табыс ету жатады;

13. Құрылтайшының құзыреті

13.1. Құрылтайшының ерекше құзыретіне:

1) Ұйымның жарғысын қабылдау, өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) Ұйымды ерікті түрде қайта құру және тарату;

3) Атқарушы органдардың қаржы есептемесін табыс етуінің тәртібі мен мерзімділігін сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу тәртібі және олардың нәтижелерін бекітуді айқындау жатады.

14. Білім беру ұйымының құрылымы. Басқару органдарын қалыптастыру тәртібі, олардың құзыреті және қызметін ұйымдастыру тәртібі

14.1. Білім беру ұйымын басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, тиісті түрдегі білім беру ұйымдары туралы үлгілік ережеге және осы жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

14.2. Мектепке дейінгі ұйымды тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады

14.3. Мектепке дейінгі ұйым басшысы

1) Мектепке дейінгі ұйымның атынан әрекет етеді; барлық мемлекеттік және жекеменшік ұйымдарда оның атынан өкілдік етеді;

2) Қаражатты басқарушы болып табылады, шарттар жасайды, сенімхаттар береді, банктерде есептік және басқа да шоттар ашады;

3) Өз құзыреті шегінде мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жаза қолданады;

4) Кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату құқығын пайдаланады;

5) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу –білім беру процесін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасайды;

6) Балалар мүдделерін, отбасы қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады.

7) Баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде ата-анасын немесе заңды өкілдерін Жарғымен, қабылдау тәртібі мен оқыту-тәрбиелеу процесін және медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін құжаттармен таныстырады, ата-аналармен немесе заңды өкілдермен шарт жасасады;

8) Мектепке дейінгі ұйымға бекітілген мүліктің сақталуын және тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді;

14.4. Мектепке дейінгі ұйымның басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

- 1) Тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;
- 2) Өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;
- 3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын бұзғаны;
- 4) Тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығын сақтау үшін;
- 5) Қаржы шаруашылық қызметінің жай-күйі оның ішінде материалдық және ақшалай қаражаттардың мақсаты пайдаланылмағаны үшін;
- 6) Нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптардың өзге де бұзылғаны үшін жауапты болады;

14.5. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері мектепке дейінгі ұйым дербес әзірлейтін ішкі тәртіп қағидаларын және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында нақтыланады. Бұл ретте көрсетілген актілерде белгіленген құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Заңғы, өзге де заңнамалық актілер мен ұйым жарғысына қайшы келмеуі тиіс.

15. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатын қалыптастыру тәртібі, еңбекақы төлеу жағдайлары, олардың құқықтары мен міндеттері

15.1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы Қазақстан Республикасының Заңнамасында, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгілік ережелер мен білім беру ұйымының жарғысында белгіленген шектерде оқу және тәрбие үдерісін жүзеге асыруды, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, ғылыми қаржы-шаруашылық және өзге де қызметте дербес болады.

15.2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының басшысы өзінің орынбасарларын және бухгалтерді лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады. Оларды тағайындау және босату тәртібі қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

15.3. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы қызметкерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

15.4. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы қызметкерлеріне жалақыны есептеу ережесін еңбек саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган бекітеді.

15.5. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы қызметкерлерінің еңбекақысы және лауазымды жалақысы олардың біліктілігіне, қызмет міндеттеріне сәйкес бекітіледі;

15.6. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы өздеріндегі еңбек ақы төлеу қаражатының шегінде сыйақының және басқа ынталандыру түріндегі төлемдердің мөлшерін дербес анықтай алады;

15.7. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының педагог қызметкерлеріне айлық жалақыны есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі:

- 1) 24 сағаттан аспайтындай-мектепке дейінгі саты үшін белгіленеді.

15.8. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының педагог қызметкері:

- 1) Кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметке айналысуға;

- 2) Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;

- 3) Ғылыми зерттеудің тақырыбын және олардың нәтижелерін педагогикалық тәжірибеде пайдалану нысандарын ерікті таңдауға;

4) Мектепке дейінгі білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

5) Ұзақтығы 4 айдан аспайтын, бес жылда кем дегенде бір рет біліктілігін арттыруға;

6) Санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;

7) Мектепке дейінгі білім ұйымының әдіскері мен пән мұғалімдері, тәрбиешілер үшін 42 күнтізбелік кұу, көмекшілер мен басқа қызметшілер үшін 30 күнтізбелік күн акылы демалыс алуына;

8) Жеке педагогикалық қызметке;

9) Өзінің кәсіптік ар намысы мен кәдір қасиетінің қорғалуына;

10) Ғылыми қызметпен айналғысу үшін педогогтік өтілі сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға;

11) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен мен окімдеріне шағымдануға;

12) Педогогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар түріндегі моральдық және материалдық көтермеленуге;

15.9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педогог қызметкерлерді өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.

15.10. Педогог қызметкерлер:

1) Өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;

2) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) Тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін оятуға;

4) Өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;

5) Педогогтік әдеп нормаларын сақтауға;

6) Тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының абыройы мен кәдір-қасиетін құрметтеуге;

7) Тәрбиеленушілерді жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәтени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге міндетті

16. Мектепке дейінгі білім беру ұйымын қайта құру және тарату тәртібі

16.1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымын қайта құру тарату Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.